

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 78-ө өкімі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 90-ө өкімінде:

көрсетілген өкімге 5-қосымшада:

Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға";

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі, төрағаның орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, төрағаның орынбасары";

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі, хатшы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі, хатшы";

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі";

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі";

"Қазақстандық индустрияны дамыту институты" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша) деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)";

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссия туралы ережеде:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

5. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі."

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Экспорттық саясат жөніндегі кеңесті құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 40-ө өкімінде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Экспорттық саясат жөніндегі кеңестің құрамында:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төрағаның орынбасары";

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі, хатшы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі, хатшы";

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі";

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі";

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі";

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі";

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі";

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасын экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

5. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі."

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 19 маусымдағы № 79-ө өкімінде:

көрсетілген өкімге 2-қосымшада:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, төраға";

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі, төрағаның орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі, төрағаның орынбасары";

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары, хатшы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары, хатшы";

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі";

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасын экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

4. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі."

Премьер-Министр

А. Мамин